



БҰЙРЫҚ

27.04.2017 ж.

Ленгiр қаласы

ПРИКАЗ

№

18 к/в

город Ленгер

**Жекешелендіруге жататын
ұйымның жол картасына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 7-бабы 2 тармағы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүргізу асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 53 және 55 тармақтарының негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы», 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қаулысына, Оңтүстік Қазақстан облыстық қаржы басқармасының 07.04.2017 жылғы №14-10-14/971 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Төлеби аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басқаруындағы «Төлеби көп салалы коммуналдық шаруашылық кәсіпорны» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сату кестесі мен жол картасына өзгерістер енгізілсін.

2. Жекешелендіруге жататын ұйымның жол картасына енген өзгерістерді Деректер базасына енгізуді бөлімнің бас маманы А.Абеноваға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы

М. Ашрапов